

## Раздел III

# КЛИНИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ЗДРАВООХРАНЕНИЯ

УДК 61-617-0890-844

*F. Ж. Айдаров*, медицина қызметінің подполковнигі,  
*B. В. Мусатов*, медицина қызметінің капитаны

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің  
Әскери клиникалық госпиталі  
Алматы қ.

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӘСКЕРИ КЛИНИКАЛЫҚ ГОСПИТАЛІНІҢ ЖАҚ-БЕТ ХИРУРГИЯСЫ БӨЛІМІНДЕ МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН ҚӨМЕКТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

### ТҮЙІН

Мақалада Алматы қаласындағы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Әскери клиникалық госпиталінің жақ-бет хирургиясы бөлімінің 22 жылда атқарған жұмыстары мен Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінің стоматологиялық қызметінің даму жолдары берілген.

**Түйінді сөздер:** Әскери клиникалық госпиталь, хирургия бөлімі, мойын ісіккілігі, бет-жақ ауруларын хирургиялық емдеу, эксплантация, жақ жарақаттары.

**К**азақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Әскери клиникалық госпиталі еліміздің деңсаулық сактау саласында алдыңғы қатарлы емдеу мекемелерінің қатарына жатады. Бұл емдеу орталығында функциональдық-диагностикалық бөлімдер мен жиырмага жуық емдеу бөлімдері бар. Осы заманың талабына сай жаңа құрылғылармен, қажетті медициналық құралдармен қамтамасыз етіліп, толықтай жабдықталған.

Аталған әскери клиникалық госпитальдің құрылу тарихы сонау Ұлы Отан соғысы кезінен бастау алады. 1941 жылдың 17 тамыз айында Коломна қаласында 2907 эвакуациялық госпиталь құрылған. Тамыз айының соңына қарай алғашқы жарақаттанғандар госпитальге түсे бастайды. Әскери дәрігерлерге тәулігіне 18-20 сағат жұмыс істеуге тұра келді. Майдандағы аса шиеленісті жағдайға байланысты 1941 жылдың қараша айында Самарқанд қаласына, 1942 жылдың наурыз айында Ростов облысының Зерновое селосына көшіріледі. Аздаған уақыт өткен соң Солтүстік Кавказдың Золькин қаласына, кейін Әзербайжанның Коряшко қаласына

көшіріледі. 1942 жылдың қазан айында Красноводск қаласына ауыстырылады. 1944 жылдың наурыз айында Алматы қаласына көшіп келеді. 1955 жылдың сәуір айында 1336 Түркістан әскери округінің әскери госпиталі болып аталағы. 1969 жылы Орта Азия округінің 1226 округтік госпиталі болып өзгереді.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алған кезінен бастап ауқымды құрылымдық өзгерістерге байланысты Қазақстан Республикасының Қорғаныс Министрлігінің Орталық Әскери клиникалық госпиталі болып қайта құрылады. Бұл күндері жетпіс жылдан аса тарихы бар әскери госпиталь көпсалалы емдеу мекемесі деңгейіне жетті.

Бет жақ хирургиясы бөлімі 1992 жылға дейін стоматология бөлімі болып келген. 1992 жылдан бастап «жақты курделі протездеу лабораториясы бар бет жақ хирургиясы» бөлімі болып өзгертиледі.

Бет жақ хирургиясы бөлімі Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің стоматологиялық қемекті көрсету саласы бойынша алдыңғы қатардағы мамандандырылған емдеу бөлімі

бөліп саналады. С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ Үлттық Медициналық Университетінің стоматология кафедраларының негізгі клиникалық оқу базаларының бірі. Оқу процесін жетілдіру мақсатында студенттерге арналған оқу сыныбы ашылып, қажетті мұляждар, фантомдар, бет маскаларымен, емдеңіп шыққан пациенттердің тіс модельдерімен жабықталған. Дәріс алу кезінде слайдтар көрсетіліп, видеоқытулар, курделі науқастардың фото суреттері, макропрепараттар көрсетіледі.

Аталаған уақыт ішінде бөлімнің кереует қоры 10 кереуеттен 30 кереуетке дейін өсті. Астана қаласының әскери госпиталінде жаңадан мамандандырылған бет жақ бөлімнің ашылуына байланысты қазіргі уақытта бөлімде 20 кереует орналастырылған.

Бет-жақ хирургиясы бөлімін әр жылдары медицина қызметінің тәжірибелі маман-дәрігерлері басқарды.

Медицина қызметінің полковнігі, медицина ғылымдарының кандидаты. Герасимчук Александр Александрович 1992-1995 жж.

Медицина қызметінің полковнігі, медицина ғылымдарының кандидаты . Сагындық Хасан Люкот-ұлы 1995-2008 жж.

Медицина қызметінің полковнігі Ревюк Игорь Семенович 2008-2012 жж.

2012 жылдан бастап қазіргі уақытта медицина қызметінің подполковнігі Айдаров Габиден Жакен-ұлы басқарады.

Бөлімде көрсетілетін мамандандырылған стоматологиялық көмектің диапазоны: бет жақ аймағының ірінді қабыну аурулары; бет жақ аймағының жарақаттары; пластикалық реконструктивтік хирургия; пародонтологиялық аурулар; шайнау аппаратының жүре пайда болған ақаулары мен ауытқулары кезінде ортопедиялық және ортодонтиялық ем; беттің кую салдарын емдеу жүзеге асырылады.

Жиырма жылдан астам уақыт ішінде бет жақ хирургиясы бөлімінде бет жақ аймағанда әртүрлі патологиясы бар 5 мыңға жуық науқас емдеңіп шықты. 3,5 мыңға жуық әртүрлі денгейдегі операциялар жасалынды. Бет пен мойынның ісіктері және бет қанқасы сүйектеріне хирургиялық ем жүргізу үнемі жетілдіріліп отырылады. Аuto- аллосүйектермен сүйек пла-

стикасы, қоректендіргіш аяғы бар қындымен пластика жасалынады. Экспланттанттарды пайдалана отырып сүйектердің анатомиялық формасын қалпына келтіру әдісі бөлімде қолға алына бастады. Төменгі жақтың жарақаттары кезінде остеосинтездің жаңа әдістері қолданылады. Косметикалық талаптарды есke ала отырып остеосинтездің ауызшілік тәсілі қолданылады. Жоғарғы жақтың тістерін жұлғаннан соң кездесетін оро-антральдық құысты және жыланкөздерді жою мақсатында пластикалық жаңа жетілдірілген тәсілдер жүзеге асырылуда.

Бөлімнің қызметкерлерімен 25 рационалдық 8 өнертапқыштық ұсыныстар жасалынып авторлық құқық куәлігі алынды. Атап айтатын болсак: «Самай төменгі жақ буындарының анкилозын емдеу тәсілі», «Төменгі жақ салынғыштарының фрагменттерін ұстату құрылғысы», «Төменгі жақ пен тіс қатары ақауларын қалпына келтіру құрылғысы» «Төменгі жақтың тіс қатарының ақауын жою тәсілі» «Шайнау бұлшық еттерін тексеру құрылғысы»( Сағындық.Х.Л., Қожақов.Б.Б.) «Төменгі жақтың субтотальды ақауын жою құрылғысы» (Айдаров.Ғ.Ж.,, Мусатов.В.В) және т.б. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қатарындағы стоматолог дәрігерлерге арналған 5 методикалық нұсқау, 85-ке жуық баспа жұмыстары республикалық, жергілікті басылымдарыда жарияланды.

Белім бастықтары үнемі гарнizonның орталық емдеу мекемелері мен стоматологиялық кабинеттерін аралап тексеріп, Қарулы Күштер қатарында кездесетін стоматологиялық ауруларға талдау жасап отырады.

Осылайша бет жақ хирургиясы бөлімнің дәрігерлері күнделікті тәжірибиеде медициналық ғылымдардың жаңа жетістіктерін пайдалана отырып ғылыми тәжірибиелік жұмыс жүргізіп, Қарулы күштер қатарындағы дәрігерлерге методикалық және іс жүзінде көмек көрсетеді.

Қазіргі уақытта бет жақ бөлімінде әскери қызметкерлер мен олардың жанұясының денсаулығын сақтауға әрі нығайтуға бекінген тату және ұйымшыл колектив қалыптасқан.



## АННОТАЦИЯ

В данной статье подведен итог 22-летней работы отделения челюстно-лицевой хирургии Военного клинического госпиталя Министерства обороны Республики Казахстан г.Алматы. Рассмотрены перспективы развития отделения и организации стоматологической службы Вооруженных Сил Республики Казахстан.

**Ключевые слова:** военный клинический госпиталь, отделение хирургии, припухлость шеи, хирургическое лечения челюстно-лицевых болезней, экспланантация, раны челюсти.

## SUMMARY

This article summarizes the findings of 22 years of activities of maxillo-facial surgery ward of Military Clinical Hospital of Ministry of Defense of the Republic of Kazakhstan, and deals with the prospects of development of maxillo-facial surgery ward and arrangement of dental support of the Armored Forces of the Republic of Kazakhstan.

**Key words:** Military Clinical Hospital, surgery ward, neck swelling, surgical treatment of maxillo-facial diseases, explantation, jaw injuries.